

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1759. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен.

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 V991010_ қаулысына берілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізіледі.

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзімде осы қаулыны банк операцияларының жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 1 желтоқсандағы
N 478 қаулысына
қосымша
"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру туралы нұсқаулықты
бекіту туралы"
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 400 қаулысына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының
"Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау
операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы"
1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан
Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын
ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N
400 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол
шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы
нұсқаулыққа:

1. 31 - тармақтың:

1) 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі";

2) мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және
тәртіппен лицензиялық алым төлеуді растайтын төлем құжатының көшірмесі".

2. 32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Ұлттық Банктің филиалы барлық қажетті құжаттар түскен күннен бастап бір айдың ішінде берілген құжаттар мен айырбастау пункттері үй-жайының осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкестігін тексеруге және лицензия беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Уәкілетті ұйымның қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу дайындығын анықтау мақсатында филиал қызметкерлерінен техникалық әзірлігін анықтау жөніндегі комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің саны валюталық бақылау және қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшелерінің мамандарын қосқанда үш адамнан кем болмауы керек. Комиссияның тексеру нәтижелері бойынша ұйым басшысының қ а т ы с у ы м е н а к т і ж а с а л а д ы .

Лицензия беру туралы материалдар құрамына міндетті түрде филиал директоры немесе директордың орынбасары, валюталық бақылау бөлімшесінің басшысы және заңгер кіретін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы мәселелерді қарау жөніндегі комиссияда қаралады. Материалдарды қарау нәтижелері бойынша хаттама жасалады, оған барлық комиссия мүшелері қ о л қ о я д ы .

Тапсырылған құжаттар мен айырбастау пунктінің үй-жайы осы Нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензия беру туралы шешім қабылдайды, ол Ұлттық Банктің филиалы бойынша б ұ й р ы қ п е н р е с і м д е л е д і . "

3. 33-тармақ алынып тасталсын.

4. 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Ұлттық Банктің филиалы осы Нұсқаулықтың N 5 қосымшасына сәйкес ресімделген лицензияны заңды тұлғаға береді, ол бөлек тіркеу журналында е с е п к е а л ы н а д ы . "

5. 36 - т а р м а қ т а ғ ы :

1) "Ұлттық Банк" деген сөздер "Ұлттық Банктің филиалы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бір жылдан соң лицензия алуға өтініш берсе;".

6. 37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияларды заң актілерінде белгіленген негіздемелер бойынша тоқтатуға немесе қайтарып алуға құқылы.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу туралы материалдарды қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиялар беру, тоқтата тұру және қайтарып алу туралы мәселелерді қарайтын комиссия қарайды. Материалдарды қарау нәтижелері бойынша хаттама жасалады, оған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Лицензияларды қайтарып алу туралы шешім Ұлттық Банктің орталық аппаратымен алдын-ала келісіледі.

Филиалдың қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияларды тоқтата тұру және қайтарып алу туралы шешімі Ұлттық Банктің филиалы бойынша бұйрықпен ресімделеді."

7. 37 - 1 тармақтың :

1) бірінші азатжолындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "Ұлттық Банктің филиалы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) бесінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық Банктің филиалы құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде "Дубликат" деген сөз және дубликаттың берілген күні көрсетілген бастапқы лицензияның номерімен және күнімен лицензияның дубликатын ресімдейді.";

3) алтыншы азатжол алынып тасталсын.

8. 38 - тармақтың :

1) бірінші азатжолындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "Ұлттық Банктің филиалы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) алтыншы азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық Банктің филиалы құжаттардың толық топтамасы түскен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде жаңа лицензия беру арқылы лицензияны қайта ресімдейді." ;

3) жетінші азатжол алынып тасталсын.

9. 40-тармақтың алтыншы азатжолындағы "Уәкілетті ұйым көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында тіркегеннен кейін бір айдан кешіктірмей олардың нотариат растаған көшірмелерінің екі данасын Ұлттық Банктің филиалына беруге міндетті, оның бірін Ұлттық Банктің филиалы Ұлттық Банктің орталық аппаратына жібереді." деген сөздер "Уәкілетті ұйым көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында тіркегеннен кейін бір айдан кешіктірмей олардың нотариат куәландырылған көшірмесін Ұлттық Банктің филиалына беруге міндетті." деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Уәкілетті ұйым тұрақты жұмыс істейтін органның тұрған жеріне қарай облыс, сондай-ақ республикалық дәрежедегі қала (астана) шегінде бірнеше

айырбастау пункттерін ашуға құқылы."

11. Мынадай мазмұндағы 56-1 тармақпен толықтырылсын:

"56-1. Уәкілетті ұйымы айырбастау пункттерінің жұмыс істемейтін кезеңі үш ай дан аспауы тиіс."

12. 64-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Баламасы он мың АҚШ долларынан асатын сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алған немесе сатқан кезде тізілім журналына клиенттің аты-жөні және оның жеке басын растайтын құжаттың деректері жазылады."

13. 66-тармақ алынып тасталсын.

14. 67-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Клиенттің өтініші бойынша айырбастау пунктінің қызметкері сатып алынған және сатылған шетел валютасы сомасына қарамастан анықтама сертификаттарды - қатаң есептегі бланкілерді (осы Нұсқаулыққа N 9 қосымша) көшіргіш қағаз арқылы міндетті түрде толтырады. Анықтама-сертификатты ресімдеу кезінде тізілімдер журналында клиенттің аты-жөні және оның жеке басын растайтын құжаттың деректері (паспорт, қызметтік паспорт, жеке куәлігі, сондай-ақ әскери қызметтегілер үшін әскери билет) жазылады. Анықтама-сертификаттардағы деректер тізілім журналындағы деректермен сәйкес болуы тиіс."

15. 71-тармақ алынып тасталсын.

16. 78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. Ұлттық Банктің филиалы ай сайын келесі есеп беретін айдың сегізіне дейін электронды почтамен немесе басқа электронды байланыс құралдарымен Ұлттық Банктің орталық аппаратына мынадай ақпарат жібереді:

1) тұтастай алғанда облыс (республикалық дәрежедегі қала) бойынша уәкілетті банктердің, уәкілетті кредиттік серіктестіктердің, уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті почталық байланыс ұйымдарының айырбастау пункттері лицензияларының номерін және берілген күнін, заңды мекен-жайын, сондай-ақ ашық және жабық айырбастау пункттерінің тіркеу номерлері, атауы және тұрған жері бөліп көрсетілген саны туралы мәліметтер;

2) лицензияларының номерін және берілген күнін, заңды мекен-жайын, сондай-ақ жабық айырбастау пункттерінің тіркеу номерлері, атауы және тұрған жері көрсетілген уәкілетті банктердің, уәкілетті ұйымдардың, уәкілетті кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті почталық байланыс ұйымдарының айырбастау пункттеріне қолданылған санкциялар туралы мәліметтер."

17. 85-тармақтың:

1) "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер "кредиттік серіктестіктің, уәкілетті почталық байланыс ұйымының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) мынадай мазмұндағы жетінші тармақшамен толықтырылсын:

"уәкілетті ұйымдар осы Нұсқаулықтың нормаларын бұзушылықтар байқалған жағдайда Ұлттық Банк филиалының өкілеттіктеріне сәйкес санкциялар қолдануға ұсынысты Ұлттық Банктің тиісті филиалына жіберуге."

18. 86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, уәкілетті ұйым мен уәкілетті почталық байланыс ұйымының айырбастау пункттері осы Нұсқаулықтың нормаларын бұзғанын анықтаған жағдайда тәртіп бұзушылықтардың түріне қарай:

1) анықталған құқық бұзушылықты жою үшін белгілі бір мерзімін белгілеуге;

2) осы Нұсқаулықтың нормаларын бұзушылықты болдырмау туралы жазбаша

ескерту жасауға;

3) айырбастау пунктінің қызметін алты айға дейін тоқтата тұруға;

4) айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігін қайтарып алуға құқылы."

19. 87-тармақтағы:

1) 3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға;"

2) мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) Ұлттық Банктің орталық аппаратымен алдын-ала келіскеннен кейін лицензияны қайтып алуға;

3-2) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға, оны соттың немесе Ұлттық Банктің уәкілетті лауазым иесінің қарауына жіберуге және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғауға және қарауға байланысты басқа функцияларды орындауға.";

3) жетінші азатжол алынып тасталсын.

20. N 5 қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 400 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын

ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа
N 5 қосымша

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау

операцияларын ұйымдастыруға берілген

ЛИЦЕНЗИЯ

N _____ жылғы " ____ " _____
(берілген күні)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____
(филиалдың атауы)

филиалы "Банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы
Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес

(уәкілетті ұйымның атауы және мекен-жайы)

қолма-қол шетел Валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша
операциялар ұйымдастыруға осы лицензияны береді.

Осы лицензияның қолданылу аясы _____

—

(облыстың немесе республикалық дәрежедегі қаланың)
аумағында шектеледі.

Уәкілетті ұйымы айырбастау пункттерінің жұмыс істемейтін кезеңі
үш айдан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____
(филиалдың атауы)

филиалы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті
ұйымға валюталық бақылау агентінің міндетін жүктейді.

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтарды үшінші тұлғаларға
беруге болмайды. Бұл лицензия бір данада ғана беріледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

_____ филиалының
директоры _____

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК